

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі міндетін атқарушысының N 1037 болып тіркелген 2000 жылғы 5 қаңтардағы N 1 "Мемлекеттік органдарының немесе өзге ұйымдарының жанында бұқаралық ақпарат құралдарының және ақпарат агенттіктерінің журналистерін тіркеу туралы" Ережені бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 75 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2005 жылғы 27 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3397. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 138 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 21.06.2013 № 138 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің "Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 20 наурыздағы өкімін іске асыру мақсатында  
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі міндетін атқарушысының 2000 жылғы 5 қаңтардағы N 1 "Мемлекеттік органдарының немесе өзге ұйымдарының жанында бұқаралық ақпарат құралдарының және ақпарат агенттіктерінің журналистерін тіркеу туралы" Ережені бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1037 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

3-тармақта "Бұқаралық ақпарат құралдары Департаментінің директоры Ж.С.Омаровқа" деген сөздер "Ақпарат және мұрағат Комитетінің төрағасы С.Т.Тауекелге" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік органдардың немесе өзге ұйымдардың жанында бұқаралық ақпарат құралдарының және ақпарат агенттіктерінің журналистерін тіркеу туралы ережесінде:

п р е а м б у л а с ы н д а :

"(1999 жылғы 27 шілде, N 451-1 ҚРЗ) талаптарына сәйкес және Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 499 қаулысы) ережесінің" деген сөздер алынып тасталсын;

"Жалпы ережелер" деген 1-тарау мынадай мазмұндағы 1-1 тармақпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"1-1. Субъектілерінің құқықтары мен міндеттері адалдық, парасаттық пен әділеттік (құқық ұқсастығы), сондай-ақ кәсіби және іскерлік этика ережесін сақтау талаптарын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының заңдарымен р е т т е л е д і . " ;

1 1 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта "қазақ" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Тіркелген журналистің құқықтары мен міндеттері" деген 3-тарау алынып т а с т а л с ы н .

2. Ақпарат және мұрағат Комитетіне (С.Т.Тауекел) белгіленген заң тәртібімен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен мемлекеттік т і р к е у д е н ө т к і з с і н .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*